Қызылорда облысының ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Шығ.№29/21
19.07.2021 ж

"НұрСтандартСервис" ЖШС-ің арызы бойынша:

Конкурстық құжаттаманың 16 тармағына сәйкес *Әлеуетті өнім берушілердің КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕРІНДЕ өндірушілердің ресми өкілдерінен (дилерлерден немесе дистрибьюторлардан) алынған хаттардың (сертификаттарының, куәліктерінің), техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген өнімдердің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі.*

Және де конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің 2-2 қосымшасы – техникалық ерекшелікте:

Әлеуетті өнім беруші КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАМЕН БІРГЕ беруге міндетті:

1) ТР сәйкестік сертификаты. ТС шамға және қуат көзіне;

2) ISO 17025 талаптарына сәйкес келетін аккредиттелген зертханалардан алынған шамның фотометриялық көрсеткіштері;

3) Мәлімделген сипаттамалары бар шамның және қуат көзінің паспортын ұсынуы тиіс деп НАҚТЫ ТАЛАП ЕТІЛГЕН.

Алайда арызданушы "НұрСтандартСервис" ЖШС өз өтінімде аталған құжаттарды ешқайсысын ұсынбаған. Және де "НұрСтандартСервис" ЖШС-нің 2021 жылғы 16 шілдедегі арызы бойынша келесі мәтінмен арызданған: «Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамаға 1-3 қосымшаға сәйкес жұмыстарды орындау үшін талап етілген қажетті еңбек ресурстары бөлігінде инженер-электрик -1 адам ұсынбаған». Алайда аталған конкурстың біліктілік талаптарында еңбек ресурстары бөлігінде Инженер электрик 2 адам талап етілген және «Конструктив LTD» ЖШС өз өтінімінде инженер-электрик лауазымындағы 3 адамды растаушы құжаттарымен ұсынған. Осы ұсынылған қызметкерлердің біліктілігі толығымен сәйкес келеді. Себебі растаушы құжаттар бөлігінде аталған мамандардың жеке куәліктері мен біліктілігін растаушы құжаттары – дипломдары тіркелген.

Бұл ретте ескере кететін жайт: "НұрСтандартСервис" ЖШС-нің конкурсқа қатысуға өтінімін зерттей келе біліктілік талаптарының материалдық ресурстар бөлігінде талап етілген көтеру биіктігі 12 м. кем емес Автогидроподъемник механизміне "НұрСтандартСервис" ЖШС ұсынған жеке тұлға Шевченко Михаил Константиновичтен жалға алынған ГАЗ 482130-10 Автогидроподъемник механизмінің көтеру биіктігі ТАЛАПҚА СӘЙКЕС 12 М НЕМЕСЕ ОДАН ЖОҒАРЫ ЕКЕНДІГІ АНЫҚТАУ МҮМКІН

БОЛМАҒАНДЫҚТАН есепке алынбауы тиіс. Алайда конкурстық комиссия бұл жайтты ескермей "НұрСтандартСервис" ЖШС-ін біліктілік талаптарына сәйкес деп есептеген.

"Инно Тех" ЖШС және «Энергиянұр» ЖШС-нің арызы бойынша:

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ «Әкімшілік Рәсімдік-Процестік Кодексінің» 88-бабына сәйкес:

1. Мына мән-жайлардың тым болмағанда бірі болған кезде:

1) қайталама хабарламаларда, ұсыныстарда, үн қосуларда, сұрау салуларда Жаңа Дәлелдер Немесе Жаңадан Ашылған Мән-Жайлар Келтірілмесе, ал алдыңғы хабарламаның, ұсыныстың, үн қосудың, сұрау салудың материалдарында тексерудің қажетті материалдары болса және арыз иесіне белгіленген тәртіппен жауаптар берілсе;

2) хабарламаның, ұсыныстың, үн қосудың, сұрау салудың авторын анықтау мүмкін болмаса, арыз иесінің қолтаңбасы, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы, пошталық мекенжайы болмаса, оларда дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатер туралы және олардың құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдарға дереу жолдануға жататын мәліметтер қамтылған жағдайларды қоспағанда;

3) хабарламада, ұсыныста, үн қосуда, сұрау салуда Мәселенің Мәні Баяндалмаса, Оңайлатылған Әкімшілік Рәсім Тоқтатылуға Жатады делінген.

Осыған орай "Инно Тех" ЖШС-нің және «Энергиянұр» ЖШС-нің арыздары қараусыз қалдырылуға жатады.

«Шиелі-Жарығы» ЖШС-нің арызы бойынша:

I. Конкурстық құжаттаманың 2-2 қосымшасында нақты мәтінмен *«ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАМЕН БІРГЕ БЕРУГЕ МІНДЕТТІ: - ТР сәйкестік сертификаты. ТС шамға және қуат көзіне; - ISO 17025 талаптарына сәйкес келетін аккредиттелген зертханалардан алынған шамның фотометриялық көрсеткіштері; - Мәлімделген сипаттамалары бар шамның және қуат көзінің паспорты»* деп талап етілген. Алайда арызданушы «Шиелі-Жарығы» ЖШС өтінімін зерттей келе тек қана жарық шамдарының шығу тегі туралы сертификатын ғана ұсынғанын анықталды.

24.05.2021 жылғы №74 шешіммен бекітілген Конкурстық құжаттаманың №3 *«Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар»* параграфының 16 тармағының 2) тармақшасына сәйкес

«сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды. Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 2-1, 2-2, 2-3-қосымшаға, тауарлар үшін осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінде өндірушілердің ресми өкілдерінен (дилерлерден немесе дистрибьюторлардан) алынған хаттардың (сертификаттарының, куәліктерінің), техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген өнімдердің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі.

Егер техникалық төлқұжаттар, тауарлардың сәйкестік сертификаттары және тапсырыс беруші талап ететін өзге де құжаттар тауарларды сатып алу кезінде немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және оларды белгіленген тәртіппен ресімдеу кезінде шығарылса, әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізген кезде осындай құжаттарды ҰСЫНУ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІК ХАТЫН қамтуы қажет».

Осыған орай «Шиелі-Жарығы» ЖШС аталған сертификаттар, паспорттар мен фотометриялық көрсеткіштері құжаттарын жеңімпаз деп танылған жағдайда ұсынатыны туралы кепілдік хат ұсынбаған.

II. «Казтехникс» ЖШС заводынан арызда жазылғандай «кепілдік хатты талап еткені» немесе «өзінің дилері қатысып жатқаны және сол себепті құжаттарды бере алмайтындығын» растайтын ешқандай ресми дәлелді құжаты ұсынылмаған яғни қарауға жатпайды.

III. Сондай-ақ не себепті сметалық құжаттамада Казтехникс заводында өндірілеті ССУ Магистраль шамын сұратқаны туралы сұрағына: «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 160 тармағына сәйкес «*Егер тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) неғұрлым жақсы функционалдық, техникалық, пайдалану және сапалық сипаттамалар, технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды неғұрлым жақсы материалдардан жасау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге техникалық ерекшелігінің конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес болмауына жол беріледі»* делінген. Яғни конкурсқа қатысушы техникалық ерекшелікте талап етілген материалдардан функцияналдық жағынан неғұрлым жақсы тауарды ұсынуына болады.

Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың өте төмен баға ұсыныстарын ұсынып, ұтып алып жатқан фактілері көп тіркелуде. Бұл жайт өз ретінде сатып алынатын жұмыстардың, жеткізілетін материалдардың сапасының төмендеп кетуіне әкеліп соқтырады. Сол себепті Тапсырыс берушілер өз конкурстық құжаттамасында сапалы материалдарды нақтылап талап етуі жұмыс сапасын жақсарту үшін жасалып жатырған шара деп пайымдаймыз.

IV. Біздің, яғни, «Конструктив LTD» ЖШС-нің өтінімінде ұсынылған 3 инженер-электрик маманының біліктілігі жайлы: аталған конкурстың біліктілік талаптарында еңбек ресурстары бөлігінде Инженер электрик 2 адам талап етілген және «Конструктив LTD» ЖШС өз өтінімінде инженер-электрик лауазымындағы 3 адамның құжатын ұсынған. Осы ұсынылған қызметкерлердің біліктілігі толығымен сәйкес келеді. Себебі растаушы құжаттар бөлігінде аталған мамандардың жеке куәліктері мен біліктілігін растаушы құжаттары – дипломдары ұсынған болатынбыз. Ал жұмыс өтілі жайлы: Конкурстық құжаттаманың 5-1 қосымшасының 7 тармағында *Растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну конкурстық құжаттамада көрсетілген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растайтын*

құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылмауы мүмкін екендігі айқын жазылған. Сол себепті жұмыс өтілін растаушы құжаттары бойынша арыздануы негізсіз деп саналуы тиіс.

Қосымша ескеретін жайт: "Шиелі-жарығы" ЖШС-нің конкурсқа қатысуға өтінімін зерттей келе біліктілік талаптарының материалдық ресурстар бөлігінде талап етілген көтеру биіктігі 12 м. кем емес Автогидроподъемник механизміне "Шиелі-Жарығы" ЖШС ұсынған жеке тұлға Төлбаев Мұхамедияр Данияруұлынан жалға алынған ЗиЛ 431518 механизмінің автогидроподъемник екендігі, оның көтеру биіктігі ТАЛАПҚА СӘЙКЕС 12 М НЕМЕСЕ ОДАН ЖОҒАРЫ ЕКЕНДІГІ АНЫҚТАУ МҮМКІН БОЛМАҒАНДЫҚТАН есепке алынбауы тиіс. Алайда конкурстық комиссия бұл жайтты ескермей "Шиелі-Жарығы" ЖШС-ін біліктілік талаптарына сәйкес деп есептеген. Яғни «Шиелі-Жарығы» ЖШС нің өтінімі конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына да сәйкес емес деп танылып, кері қайтарылуға жатады.

Жоғарыда айтылғанға орай Сіздерден:

1) арызданушылар "Инно Тех" ЖШС, "НұрСтандартСервис" ЖШС-нің және «Шиелі-Жарығы» ЖШС-нің арыздары негізсіз деп танылуып, кері қайтарылуын сұраймыз.
2) "НұрСтандартСервис" ЖШС-нің және «Шиелі-Жарығы» ЖШС-нің өтінімдерін материалдық ресурстары бөлігінде біліктілік талаптарына сай емес деп танылуына ықпал етуіңізді сұраймыз.

«Конструктив LTD» ЖШС
Директоры **Ә.Шыңғысбаева**